

Біз жастарға сенеміз!



Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында 2019 жылдың 23-ші қаңтарында профессор-окытушы құрам мен студенттер Елбасының Жастар жылын ресми түрде салтанатты жариялауын тікелей эфир бойынша көрді.

Жастар - қоғамның даму келешегін анықтайтын негізгі факторлары болып табылатын халықтың үлкен әлеуметтік тобын құрайтындығы белгілі. Биылғы жылды Жастар жылына арнау - олардың рухани, мәдени, білімдік, кәсіби тұрғыда жанжақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастыруышылық жағдайлар мен кепілдіктер жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жас маман» жобасы бойынша әр аймақта 1 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны мен 10 жетекші колледж болуы керектігін баса айтты. Соның арқасында 3 жылда 200 мың жоғары сапалы кадр даярланаңдығы аталағын етті.

Сонымен қатар, «Жас кәсіпкер» бағдарламасы қолға алынып, арналы Қор құру туралы Үкіметке тапсырыма берілді. Оның сыртында, жас ғалымдарды қолдау мақсатында бөлінетін гранттарды жыл сайын 3 миллиард тең-

геге көбейтіп отыру жоспарланып отыр.

Осы және белгіленген басқа да ауқымды іс-шаралар жастармен жұмысты ұйымдастыру деңгейін жоғарылатуға, олардың әлеуметтік бейімделуіне және жастар саясаты саласындағы маңызды жобаларды іске асыруға жағдай жасайды.

Оқушы, студент және жұмышы жастарға әлеуметтік көмек жасауда, жас таланттарды қолдауда, жастар арасында азаматтылық пен қазақстандық патриотизмді дамыту ісінде бұл бастаманың маңызы өте зор.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында жастар саясатын тиімді түрде жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалған. Білім, деңсаулық сақтау, еңбек және басқа да салаларда жастардың әлеуметтік құқықтары қамтамасыз етілген.

Мемлекет басшысының жаңашыл бастамасын басшылыққа ала отырып, алдағы жылды жастардың әлеуметтеннен, қоғамдық санасының деңгейін жоғарылату, әлеуметтік белсенділігін арттыру, шығармашылық қабилеттерін дамытуға жағдайлар жасау бағытындағы жұмыс жандандырылатын болады.

С.Б.ҚУАНЫШБАЕВ,

Ы.Алтынсарин

атындағы

Арқалық мемлекеттік

педагогикалық

институтының

ректоры, г.ғ.д.